1.2. «НИКА-ХЛОР» құралы грамтеріс және грамоң бактерияларға (соның ішінде туберкулез микобактерияларына), вирустарға (соның ішінде аденовирустар, тұмау, паратұмақ вирустары және жіті респираторлық жұқпалардың басқа да қоздырғыштары, энтеровирустар, ротавирустар, полиомиелит вирусы, энтералды, парентералды гепатиттер, герпес, атипиялық пневмония, «құс» тұмауы, «доңыз» тұмауы, АИТВ вирустары және т.б.) және Кандида текті зеңдерге және дерматофиттерге қатысты микробтарға қарсы әсерге ие; құрал аса қатерлі жұқпалардың (оба, холера, туляремия, легионеллез) қоздырғыштарына қатысты тиімді; құрал соның ішінде сібір жарасы қоздырғыштарының споралары қатысты спороцидті белсенділікке ие; құрал паразитті аурулардың (қарапайымдылардың цист және ооцист, гельминттер жұмыртқалары мен құрттары, острицияқоздырғыштарына қатысты овоцидті қасиеттерге ие.

1.3. «НИКА-ХЛОР» құралы ГОСТ 12.1.007-76 бойынша жіті уыттылық параметрлері бойынша асқазанға салған кезде қалыпты қауіпті заттардың 3 класына, теріге жаққан кезде – қауіптілігі төмен заттардың 4 класына жатады; құрал құрсақ қуысына салған кезде К.К. Сидоровтың жіктеуі бойынша уыттылығы төмен заттардың 4 класына жатады. Бір рет әсер еткен кезде құрал теріге әлсіз жергілікті тітіркендіргіш әсер және көздің шырышты қабаттарына қатты әсер етеді. Құрал сенсибилизациялаушы әсерге ие емес. Құралдың аэрозоль түріндегі жұмысшы ерітінділері («суару» тәсілі) жоғары тыныс алу жолдарына және көздің шырышты қабаттар[illegible]гіш әсер етеді.

Белсенді хлор концентрациясы 0,1% жоғары құрал ерітінділері тыныс алу мүшелерінің және көздің тітіркенуін тудырады.
Хлор үшін ШРКж.а. – 1 мг/м$^3$; ШРК атм. макс.-бірл. – 0,1 мг/м$^3$; орташа тәуліктік – 0,03 мг/м$^3$.

1.4. «НИКА-ХЛОР» залалсыздандырғыш құралы арналған:

**Таблеткалар және түйіршіктерден дайындалған ерітінділер түрінде**

- емдеу-профилактикалық ұйымдар мен мекемелерде[1], жұқпа ошақтарында, балалар және білім беру мекемелерінде, коммуналдық-тұрмыстық нысандарда (қонақүйлер, жатақханалар, моншалар, кір жуу орындары, шаштараздар, өнеркәсіптік базарлар, қоғамдық дәретханалар және т.б.), қоғамдық тамақтану және сауда кәсіпорындарында, мәдени-сауықтыру және спорт кешендерінде, әлеуметтік қамсыздандыру мекемелерінде, пенитенциарлық мекемелерде ағымдағы, соңғы және профилактикалық залалсыздандыруды жүргізу кезінде бөлмелердегі беттерді, қатты жиһазды, санитарлық-техникалық жабдықты, киімді, ыдысты (соның ішінде бір рет қолданылатын және зертханалық), ыдыстарды жууға арналған заттарды, ойыншықтарды, сырқаттардың күтіміне арналған заттарды, жеке гигиена құралдарын, резеңке және полипропилен кілемшелерді, резеңке және полимерлі материалдардан жасалған аяқ киімдерді, жинау жарақтарын және материалды залалсыздандыру үшін;
- емдеу-профилактикалық және балалар мекемелерінде, жұқпа ошақтарында, санитарлық көлікте және тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізатын тасымалдауға арналған көліктерде, пенитенциарлық мекемелерде, әлеуметтік және коммуналдық-тұрмыстық сала мекемелерінде күрделі жинау жұмыстарын жүргізген кезде;
- тоттануға төзімді металдардан, резеңкелерден, пластмассадан және шыныдан жасалған медициналық мақсаттағы бұйымдарды залалсыздандыру үшін;
- кәдеге жарату алдында медициналық қалдықтарды (соның ішінде бір рет қолданылатын медициналық арнаудағы бұйымдар, танғыш материалдар, бір рет қолданылатын төсек-орын және киім-кешек, қызметкерлердің киімдері) залалсыздандыру үшін;
- шаштараз, массаж салондары, моншалар, сауналар, клубтар, сұлулық салондары, кір жуу орындары, санөткізгіштер және халыққа қызмет көрсету саласының басқа нысандарының арнайы жабдығын, арнайы киімдерін және аспаптарын зарарсыздандыру үшін;
- биологиялық бөлінділерді (зәрді қоспағанда): қақырық, нәжіс, нәжіс-зәр өлшендісін, құсық, тамақ, қан, ликвор, сарысу қалдықтарын және т.б. залалсыздандыру үшін;

**түйіршіктер түрінде**

- емдеу-профилактикалық мекемелерде, бактериологиялық, вирусологиялық және клиникалық зертханаларда, қан құю орталықтарында, жедел жәрдем машиналарында беттердегі және ыдыстардағы сұйық бөлінділерді: қақырықты, зәрді, нәжісті, нәжіс-зәр өлшендісін, қақырық массасын, қан, ликвор, сарысу және т.б., тамақ қалдықтарын залалсыздандыру үшін;

**таблеткалар түрінде**

- зәрді залалсыздандыру үшін.

**аса қатерлі жұқпалар (оба, холера, туляремия, легионеллез, сібір жарасы) ошақтарында таблеткалар мен түйіршіктерден дайындалған ерітінділер түрінде, түйіршіктер түрінде**

- бөлмелердегі беттерді, қатты жиһазды, аппараттар, құралдар беттерін, сырқаттардың күтіміне арналған заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, ойыншықтарды, санитарлық-техникалық жабдықты, резеңке кілемшелерді зарарсыздандыру үшін;
- ыдысты, киімді, сырқаттардың күтіміне арналған заттарды, медициналық құрал-саймандарды зарарсыздандыру үшін;
- бөлінділерге арналған ыдыстарды зарарсыздандыру үшін;
- сұйық бөлінділер мен нәжісті зарарсыздандыру үшін;
- емдік-профилактикалық ұйымдарда және аса қатерлі жұқпалар ошақтарында жинау материалын және медициналық қалдықтарды зарарсыздандыру үшін;
- емдік-профилактикалық ұйымдарда күрделі жинау жұмыстарын жүргізу үшін;

**паразитті аурулардың (қарапайымдылардың цист және ооци[illegible]гер жұмыртқалары мен құрттары, остриция) қоздырғыштарымен конта[illegible]нде таблеткалар мен түйіршіктерден дайындалған ерітінділер түрінде, түйірші[illegible]**

- топырақты, күнделікті тұрмыс заттарын, ойыншықтарды, бөлмелерді, зертханалық ыдыстар мен зертханалық жабдықты зарарсыздандыру үшін (дезинвазия).
1

- Емдік-профилактикалық ұйымдар және емдік-профилактикалық мекемелер: ауруханалар, емханалар, шипажайлар, емдеу-сауықтыру орындары, сауықтыру орталықтары, күндізгі стационарлар, медициналық санитарлық бөлімшелер, мүгедектер мен қарттарға арналған үйлер, фельдшерлік және фельдшер-акушерлік пункттер, босануға көмектесу қызметі, диспансерлер, госпиталдар, стоматологиялық кабинеттер, босану стационарлары, мүшелерді трансплантациялау орталықтары, медициналық профильді орталықтар, қан құю және жедел жәрдем станциялары, емханалық және диагностикалық медициналық зертханалар (орталықтар) және т.б.

## 2. ЖҰМЫСШЫ ЕРІТІНДІЛЕРДІ ДАЙЫНДАУ

2.1. «НИКА-ХЛОР» құралының жұмысшы ерітінділерін су құбырындағы сумен құралдың қажетті мөлшерін еріту (ақырын араластыру) арқылы пластмасса, эмаль немесе шыны ыдыстарда дайындайды.
2.2. Жұмысшы ерітіндіні дайындау үшін құралдың белгілі бір мөлшерін 1-кестеде берілген есептеуге сәйкес су құбыры суында еріту қажет.
2.3. Жуғыш-залалсыздандырғыш ерітінділерді дайындау үшін құралдың сол мөлшерін жуғыш құралдардың 0,5% ерітінділерінде ерітеді (1 л ерітіндіге 5 г жуғыш құрал немесе 10 л ерітіндіге 50г).

1-кесте. «НИКА-ХЛОР» құралының жұмысшы ерітінділерін дайындау

| Құралдың жұмысшы ерітіндісіндегі белсенді хлордың мөлшері, % | Түйіршіктердің салмағы, г (өлшеуіш қасықтар саны*) | | Таблеткалар саны | |
|---|---|---|---|---|
| | 10 л жұмысшы ерітіндіні дайындау үшін қажет | 1 л жұмысшы ерітіндіні дайындау үшін қажет | 10 л жұмысшы ерітіндіні дайындау үшін қажет | 1 л жұмысшы ерітіндіні дайындау үшін қажет |
| 0,015 | 2,68 (0,5 қасық) | - | 1 | - |
| 0,03 | 5,36 (1 қасық) | - | 2 | - |
| 0,06 | 10,72 (2 қасық) | - | 4 | - |
| 0,1 | 17,86 (3,5 қасық) | - | 7 | - |
| 0,2 | 35,71 (7 қасық) | - | 14 | - |
| 0,3 | 53,57 (10,5 қасық) | - | 20 | - |
| 1,0 | - | 17,86 (3,5 қасық) | - | 7 |
| 2,0 | - | 35,71 (7 қасық) | - | 14 |
| 3,0 | - | 57,57 (10, қасық) | - | 20 |
| 4,0 | - | 71,42 (14 қасық) | - | |

* - өлшеуіш қасықтың көлемі 5,0 мл.

## 3. ӘРТҮРЛІ БЕТТЕРДІ ЖӘНЕ НЫСАНДАРДЫ ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ ҮШІН «НИКА-ХЛОР» ҚҰРАЛЫН ҚОЛДАНУ

3.1. «НИКА-ХЛОР» құралын осы нұсқаулықтың 1.4 т. сәйкес залалсыздандыру үшін құралдың жұмысшы ерітінділері түрінде және таблеткалар мен түйіршіктер түрінде қолданады.

3.2. Бөлмелердегі беттерді (еден, қабырғалар, есіктер және т.б.), қатты жиһазды 150 мл/м$^2$ есебімен құралдың ерітіндісімен суланған шүберекпен сүртеді немесе гидропультты, автомаксты қолданған кезде 300 мл/м$^2$ немесе «Квазар» типті бүріккішті қолданған кезде 150 мл/м$^2$ есебімен суарады. Жуғыш құралды қосумен ерітіндіні қолданған кезде шығын нормасы 100 мл/м$^2$. Залалсыздандыруды аяқтағаннан кейін сулап сүртіп алады, бөлмені желдетеді; паркет еденді, жылтыратылған және ағаш жиһазды құрғақ шүберекпен сүртеді.

3.3. Санитарлық-техникалық жабдықты (ванналар, шұңғылшалар, унитаздар және т.б.) щетка, ысқыш көмегімен өңдейді немесе құрал ерітіндісіне суланған шүберекпен сүртеді. Құрал ерітіндісінің шығын нормасы сүрту арқылы беттерді бір рет өңдеген кезде 150 мл/м$^2$ бетті құрайды. Санитарлық-техникалық жабдықты суару тәсілімен өңдеген кезде құралдың жұмысшы ерітіндісінің шығын нормасы бүріккіштің түріне (3.2 т. қараңыз) тәуелді бір өңдеуге 150-300 мл/м$^2$ бетті құрайды. Залалсыздандыруды аяқтағаннан кейін санитарлық-техникалық жабдықты сумен шаяды.

3.4. Киімді бір-бірлеп 5 л/кг құрғақ киім есебімен залалсыздандырғыш ерітіндіге салады. Ыдысты қақпақпен тығыздап жабады. Залалсыздандыруды аяқтағаннан кейін киімді жуып, шайқайды.

3.5. Ыдысты, соның ішінде бір рет қолданылатын ыдысты (тамақ қалдықтарынан тазартылған), зертханалық ыдысты, ыдыс жууға арналған заттарды жиынтыққа 2 л есебімен құрал ерітіндісіне толығымен салады. Ыдысты тығыздап жабады. Залалсыздандыруды аяқтағаннан кейін ыдысты хлор иісі кеткенге дейін щетка немесе губка көмегімен ағынды ауыз сумен шаю қажет.

3.6. Сырқаттар күтіміне арналған заттарды, жеке гигиена құралдарын, ойыншықтарды (пластмасса, резеңке, металл) құрал ерітіндісі құйылған ыдысқа салады және қақпағын жабады немесе құралдың ерітіндісімен суланған шүберекпен сүртеді. Залалсыздандыруды аяқтағаннан кейін оларды хлордың иісі кеткенге дейін сумен жақсылап шаяды.

3.7. Резеңке және полипропилен кілемшелерді құрал ерітіндісіне салынған шүберекпен сүртеді немесе құрал ерітіндісіне толығымен батырады. Содан кейін оларды ағын сумен шайқайды және кептіреді. Монша сандалдарын, шәркейлерін олардың қалқып шығуына кедергі жасап, ерітіндіге батыру тәсілімен зарарсыздандырады. Залалсыздандырғаннан кейін оларды хлордың иісі кеткенге дейін шайқаңыз.

3.8. Жинау материалын құрал ерітіндісімен сулайды, құрал-саймандарды батырады немесе құрал ерітіндісімен суланған шүберекпен сүртеді, залалсыздандыруды аяқтағаннан кейін шайқап, кептіру керек.

3.9. Емдеу-профилактикалық мекемелердің, соның ішінде инфекциялық бөлімшелерді, тері-венерологиялық, фтизиатриялық және микологиялық ауруханалардың, санитарлық көлік нысандарын, сонымен қатар патогендіктің 3-4 топтарының микроағзалары [illegible]рлі жұқпаларды қоспағанда) жұмыс істейтін зертханалардың және басқа мекемелер[illegible]ық, биологиялық және тағамдық қалдықтарды залалсыздандыруды (зарарсыздан[illegible]жН

2.1.7.2790-10 «Медициналық қалдықтарды қолдануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» және СЕ 1.3.2322-08 «Патогендіктің (қауіптің) III-IV топтарының микроағзаларымен және паразитті аурулар қоздырғыштарымен жұмыс істеу қауіпсіздігі» (2.12.8 тш.) талаптарын ескерумен кейін кәдеге жаратумен жүргізіледі.

3.9.1. Биологиялық бөлінділерді (нәжіс, қан, қақырық және т.б.), тамақ қалдықтарын 6-кестенің ұсыныстарына сәйкес құрал ерітіндісімен зарарсыздандырады. Түйіршіктер түріндегі құрал қанды, зәрді, қақырықты, нәжіс-зәр өлшенділерін және т.б. зарарсыздандыру үшін, таблеткалар түрінде 7-кестеге сәйкес зәрді зарарсыздандыру үшін қолданылады.
*Нәжісті* ыдысқа жинайды және залалсыздандырғыш ерітіндіні құяды. Ыдысты қақпақпен жабады. Залалсыздандыруды аяқтағаннан кейін нәжісті жояды.
*Нәжіс-зәр өлшендіні, тамақ қалдықтарын, құсық массасын* ыдысқа жинайды және залалсыздандырғыш ерітіндіні құяды немесе түйіршіктерді салады. Ыдысты қақпақпен жабады. Залалсыздандыруды аяқтағаннан кейін бөлінділерді (нәжіс-зәр өлшендіні, тамақ қалдықтарын, құсық массасын) жояды.
Зәрге құрал таблеткаларының немесе түйіршіктерінің қажетті санын салады, олар толық ерігенге дейін араластырады. Ыдысты қақпақпен жабады. Залалсыздандыруды аяқтағаннан кейін зәрді кәрізге ағызады.

Ыдысқа жиналған *қанды (ұйымаған),* ликворды, сарысуды абайлап (шашыратпай) қолданылатын концентрацияға тәуелді құрал ерітіндісінің екі немесе бес көлемімен құяды немесе түйіршіктерді себеді. Залалсыздандыруға ұстау кезінде ыдысты қақпақпен жабады. Залалсыздандыруды аяқтағаннан кейін зарарсыздандырылған қан мен құрал ерітіндісі қоспасын жояды. Әртүрлі нысандардың бетіне жабысқан қанды құрал ерітіндісімен суланған шүберекпен абайлап жинайды, залалсыздандыруға ұстау уақытында құрал ерітіндісі құйылған ыдысқа батырады. Төгілген қанды жинауды аяқтағаннан кейін, сонымен қатар беттерде құрғап қалған (құрғаған) қан тамшылары болған кезде беттерді құрал ерітіндісімен суланған таза шүберекпен сүртеді.

Ыдысқа жиналған *қақырыққа* құрал ерітіндісін құяды немесе түйіршіктерді себеді. Ыдысты қақпақпен жабады. Залалсыздандыруды аяқтағаннан кейін зарарсыздандырылған қақырықты жояды. Қақырық салынған түкіргішті ыдысқа салып, құрал ерітіндісін құяды немесе түйіршіктерді салады. Ыдысты қақпақпен жабады. Залалсыздандыруды аяқтағаннан кейін түкіргішті хлор иісі кеткенге дейін сумен шаяды.
*Сұйық бөлінділер* (зәрді қоспағанда) – қан, плазма және т.б. бетке түйіршіктерді себеді. Сұйықтықты толық сіңіргеннен кейін 5 минуттан соң түйіршіктерді эпидемиологиялық қауіпсіздік ережелерін орындаумен жеке ыдысқа немесе бір рет қолданылатын пакеттерге жинайды (қолғаптар, алжапқыш), бетті құрғақ шүберекпен сүртеді. Жеке ыдысқа немесе бір рет қолданылатын пакетке жиналған түйіршіктерді 60 минуттан кейін жояды. Ыдысты залалсыздандыру қажет.
*Бөлінділерге* (нәжіс, қан, қақырық және т.б.) арналған ыдыстарды құрал ерітіндісіне салады немесе ерітінді құяды. Залалсыздандыра ұстаған кезде ыдысты қақпақпен жабады. Залалсыздандыруды аяқтағаннан кейін бөлінділерге арналған ыдыстарды ағынды ауыз сумен шаяды, ал бір рет қолданылатын ыдысты жояды.
Бөлінділерді, сонымен қатар қанды зарарсыздандыруға байланысты барлық жұмыстарды қызметкерлердің қолдарын қолғаптармен қорғап жүргізеді.

3.9.2. Тоқыма материалдардан жасалған медициналық қалдықтарды (мақта тампондары, пайдаланылған танғыш материал, бір рет қолданылатын киім және төсек-орын жаймасы, қызметкерлердің киімі, маскалар және т.б.) және басқа материалдарды (ыдыс, соның ішінде зертханалық ыдыс, бір рет қолданылатын медициналық мақсаттағы бұйымдар) белсенді хлор мөлшері 0,3% құрал ерітіндісі құйылған ыдысқа салып, 120 минут ұстап, содан к т.

3.10. Жұқпа ошағында соңғы залалсыздандыруды жүргізу кезінде осы жұқпаны тудыратын микроағзаларға қарсы тиімді режимдерді басшылыққа алу қажет. Соңғы залалсыздандыруды аяқтағаннан кейін бөлмені сулап жинап, желдету қажет.

3.11. Коммуналдық, спорттық, мәдениет, әкімшілік нысандарында, қоғамдық тамақтану, азық-түлік сауда кәсіпорындарында, өнеркәсіптік нарықтарда, балаларға арналған және басқа мекемелерде залалсыздандыруды бактериялық жұқпалар кезінде нысандарды залалсыздандыру үшін ұсынылған режимдерге сәйкес жүргізеді (2-кесте).
Пенитенциарлық мекемелерде залалсыздандыруды 3-кестеде ұсынылған режимдерге сәйкес жүргізеді.

3.12. Қызмет көрсету саласының кәсіпорындарында және нысандарында (шаштараз, сұлулық салондары, косметикалық және массаж салондары және т.б.) беттерді, жабдықты, құрал-саймандарды залалсыздандыруды 5-кестеде берілген режимдер бойынша жүргізеді.

3.13. Моншаларда, сауналарда, бассейндерде залалсыздандыруды зең инфекциялары кезінде нысандарды залалсыздандыру үшін ұсынылған режимдерге сәйкес жүргізеді (4-кесте).

3.14. Жұқпалы аурулармен сырқаттарды тасымалдау үшін санитарлық көлікті зарарсыздандыруды тиісті жұқпа кезінде өңдеу режимі бойынша жүргізіледі. Санитарлық көлікті (соның ішінде жедел жәрдем машиналарын) және тамақ өнімдерін және азық-түлік шикізатын тасымалдауға арналған көлікті профилактикалық залалсыздандыруды 2-кестеде берілген режимдер бойынша жүргізеді.
Тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізатын тасымалдауға арналған автокөлікті залалсыздандырғаннан кейін өңделген беттерді сумен шайып, құрғата сүртеді.

3.15. Нысандарды сүрту, суару, салу және батыру тәсілдерімен құрал ерітінділерін залалсыздандыру режимдері 2-5 кестелерде көрсетілген.

3.16. Күрделі жинау жұмыстарын жүргізген кезде құралды 8-кестеде берілген режимдер бойынша қолданады.

3.17. Паразитті аурулардың (қарапайымдылардың цист және ооцист, гельминттер жұмыртқалары мен құрттары, острицияй) қоздырғыштарымен контаминацияланған топырақты зарарсыздандыру (дезинвазия) топырақтың дезинвазиясын қамтамасыз ететін режимде құрал ерітіндісімен: концентрациясы 2% (АХ бойынша) «НИКА-ХЛОР» құрал ерітіндісімен 3 тәулік бойы экспозиция және топырақтың бір шаршы метріне 4 литр ерітінді шығын нормасы кезінде жүргізеді.
Топырақты өңдеу технологиясы ӘН 3.2.1022-01 «Паразитті аурулар профилактикасы. Халыққа паразит қоздырғыштарының жұғу тәуекелін төмендету шаралары» және СЕ 1.3.2322-08 «Патогендіктің (қауіптің) III-IV топтарының микроағзаларымен және паразитті аурулар қоздырғыштарымен жұмыс істеу қауіпсіздігі» берілген.

3.18. Күнделікті тұрмыс заттарын, ойыншықтарды, бөлмелерді, зертханалық ыдысты және паразитті аурулардың (қарапайымдылардың цист және ооцист, гельминттер жұмыртқалары мен құрттары, острицияй) қоздырғыштарымен контаминацияланған зертханалық жабдықты зарарсыздандыру (дезинвазия) «НИКА-ХЛОР» құралының ерітінділерімен 15.03.01 жылғы ӘН 3.2.1022-01 «Паразитті аурулар профилактикасы. Халыққа паразит қоздырғыштарының жұғу тәуекелін төмендету шаралары» және СЕ 1.3.2322-08 «Патогендіктің (қауіптің) III-IV топтарының микроағзаларымен және паразитті аурулар қоздырғыштарымен жұмыс істеу қауіпсіздігі» сәйкес жүргізіледі.
3.18.1. Қатты ойыншықтарды (резеңке, пластмасса және ағаш), шұңғылшаларды, крандарды, есік тұтқаларын, құмыраларды «НИКА-ХЛОР» құралының 0,3% (АХ бойынша) ер[illegible]ды.
Жұмсақ ойыншықтарды және басқа заттарды жақсылап шаңсорғышпен сора[illegible]ның

0,3% ерітіндісіне салынған щеткалармен тазалайды. Экспозиция уақыты 60 минут. Ойыншықты содан кейін ағынды сумен 3 минуттан кем емес шайқайды және кептіреді.
3.18.2. Нәжіс, өт, қақырық, ағын су тұнбалары және т.б. салынған құтыларды жұмыс күні ішінде эмаль кюветаларға немесе жеке үстелдерге (оңай залалсыздандыруға болатын, пластик немесе басқа жабыны бар тұрақты немесе жылжымалы) салады. Биологиялық қалдықтарға 1:2 қатынаста 1% құрал ерітіндісі құйылады және 60 минут ұсталады, содан кейін жояды.
3.18.3. Пайдаланылған заттық шыныдар, тамшуырлар, тығындар, сынауықтар, шыны таяқшалар, химиялық стақандар және т.б. жұмыс күні ішінде «НИКА-ХЛОР» құралының 0,3% ерітіндісі құйылған ыдысқа жиналады. Зертханалық ыдысты соңғы залалсыздандыру «НИКА-ХЛОР» құралының 0,03% ерітіндісінде қайнату арқылы жүргізіледі (қайнау сәтінен бастап 30 минуттан кем емес). Залалсыздандырғаннан кейін жуып, зарарсыздандыру қажет.
3.18.4. Мақта-дәке материалы, қағаз сүзгілер және бір рет қолданылатын ағаш таяқшаларды 1 сағат бойы «НИКА-ХЛОР» құралының 0,3% ерітіндісінде залалсыздандырады, содан кейін жағу немесе қоқысқа арналған контейнерге тастап жояды.
Зертханалық үстелдердің жұмысшы беттерін кейін фламбирлеумен 70% спиртпен (этил немесе изопропил) зарарсыздандырады.
3.18.5. Жабдықты (центрифугалар, микроскоптар, тоңазытқыштар және т.б.) залалсыздандыра өңдеуді сүрту тәсілімен «НИКА-ХЛОР» құралының 0,3% ерітіндісімен жүргізеді. Экспозиция уақыты 60 минут.
3.18.6. Зертханалық бөлмелерді ағымдағы жинау жұмыс күні аяқталғаннан кейін «НИКА-ХЛОР» құралының 0,1% ерітіндісін қолданумен дымқыл тәсілмен күнделікті жүргізіледі.
3.18.7. Жинау заттарын (шүберектер, щеткалар және т.б.) «НИКА-ХЛОР» құралының 0,3% ерітіндісінде қайнатады.

## 4. МЕДИЦИНАЛЫҚ МАҚСАТТАҒЫ БҰЙЫМДАРДЫ ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ ҮШІН «НИКА-ХЛОР» ҚҰРАЛЫН ҚОЛДАНУ

4.1. Медициналық мақсаттағы бұйымдарды соның ішінде оларды алдын ала тазалаумен залалсыздандыру қақпақтары жабылатын пластмасса немесе эмаль (эмальді бүлдірмей) ыдыстарда жүргізіледі.

4.2. Медициналық мақсаттағы бұйымдарды мата майлықтардың көмегімен беттен көрінетін кірлерді тез арада кетіруді қамтамасыз етіп, оларды қолданғаннан кейін бірден құралдың жұмысшы ерітіндісіне толығымен батыру қажет. Пайдаланылған майлықтар жеке ыдысқа салынады, залалсыздандырады, содан кейін жояды.
Ауа тығындарының пайда болуын болдырмай, бұйымдардағы арналар мен қуыстарды ерітіндімен толтырады. Арналар арқылы кезектесе құрал ерітіндісі айдалады және шприц немесе өзге аспап көмегімен ауа үрленеді. Процедураны биогенді кірді толық кетіргенге дейін бірнеше рет қайталау қажет.
Ағытпалы бұйымдар бөлшектелген түрде ерітіндіге салынады. Құлпы бөлігінде бұйымның нашар енетін бөліктеріне ерітіндінің жақсы енуі үшін бірнеше жұмысшы қимылдарды алдын ала жасап, құлпы бөліктері бар бұйымдар ашылған түрде ерітіндіге батырылады. Бұйымдардың үстіндегі құрал қабатының қалыңдығы 1 см кем болмауы тиіс.

4.3.Залалсыздандыра ұстауды аяқтағаннан кейін бұйымдарды ыдыстан алып, оларды құрал қалдықтарынан ағынды сумен хлор иісі жойылғанға дейін 3 минуттан кем емес шаю қажет, арналарды шаюға (шприц немесе электрлі сорғыш көмегімен) ерекше назар аудару, жіберілген судың шайылатын бұйымдар салынған ыдысқа түсуіне жол бермеу қажет.

2-кесте. Бактериялық (туберкулезді қоспағанда) этиология жұқпалары кезінде «НИКА-ХЛОР» құралымен әртүрлі нысандарды залалсыздандыру режимдері

| Зарарсыздандыру нысандары | | Ерітінді концентрациясы (АХ бойынша), % | Зарарсыздандыру уақыты, мин | Зарарсыздандыру тәсілі |
|---|---|---|---|---|
| Бөлмелердегі беттер, қатты жиһаз * | | 0,015<br>0,03 | 60<br>30 | Сүрту, суару |
| Санитарлық-техникалық жабдық* | | 0,03<br>0,06 | 120<br>60 | 15 минут аралықпен екі рет сүрту немесе екі рет суару |
| Ыдыс | тамақ қалдықтарысыз | 0,015 | 15 | Батыру |
| | тамақ қалдықтарымен | 0,1 | 120 | |
| Зертханалық ыдыс; ыдыстарды жууға арналған заттар | | 0,1 | 120 | Батыру |
| Киім | бөлінділермен ластанбаған | 0,015 | 60 | Жібіту |
| | бөлінділермен ластанған | 0,2 | 120 | |
| Шыныдан, пластмассадан, резеңкелерден жасалған сырқаттар күтіміне арналған заттар | | 0,06<br>0,1 | 90<br>60 | Батыру<br>Сүрту |
| Тоттануға төзімді металдар, шыны, резеңке және пластмассалардан жасалған медициналық мақсаттағы бұйымдар | | 0,1 | 60 | Батыру |
| Жинау құрал-саймандары, шүберек * | | 0,2 | 120 | Жібіту, сүрту, батыру |
| Ойыншық; жеке гигиена құралдары | | 0,03 | 60 | Батыру, сүрту |

* - Залалсыздандыру 0,5% жуғыш құралды қосумен жүргізілуі мүмкін.

3-кесте. Туберкулез кезінде «НИКА-ХЛОР» құралымен әртүрлі нысандарды залалсыздандыру режимдері

| Зарарсыздандыру нысандары | | Ерітінді концентрациясы (АХ бойынша), % | Зарарсыздандыру уақыты, мин | Зарарсыздандыру тәсілі |
|---|---|---|---|---|
| Бөлмелердегі беттер, қатты жиһаз * | | 0,06<br>0,1 | 60<br>30 | Сүрту, суару |
| Санитарлық-техникалық жабдық * | | 0,1<br>0,2 | 90<br>60 | 15 минут аралықпен екі рет сүрту немесе екі рет суару |
| Ыдыс | тамақ қалдықтарысыз | 0,06 | 30 | Батыру |
| | тамақ | 0,3 | 180 | |
| Киім | бөлінділермен ластанбаған | 0,06 | 60 | Жібіту |
| | бөлінділермен ластанған | 0,3 | 120 | |
| Шыныдан, пластмассадан, резеңкелерден жасалған сырқаттар күтіміне арналған заттар | | 0,2<br>0,3 | 60<br>45 | Батыру |
| Қақырықсыз түкіргіштер | | 0,3 | 120 | Қақпағы бар ыдысқа батыру |
| Тоттануға төзімді металдар, шыны, резеңке және пластмассалардан жасалған медициналық мақсаттағы бұйымдар | | 0,2 | 60 | Батыру |
| Жинау құрал-саймандары, шүберек * | | 0,3 | 120 | Жібіту, сүрту, батыру |
| Ойыншық; жеке гигиена құралдары | | 0,06<br>0,1 | 30<br>15 | Батыру немесе сүрту |

* - Залалсыздандыру 0,5% жуғыш құралды қосумен жүргізілуі мүмкін.

4-кесте. Кандидоздар және дерматофитиялар кезінде «НИКА-ХЛОР» құралымен әртүрлі нысандарды залалсыздандыру режимдері

| Зарарсыздандыру нысандары | | Белсенді хлор бойынша ерітінді концентрациясы, % | Зарарсыздандыру уақыты, мин | | Зарарсыздандыру тәсілі |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Канди-доздар | Дерматоф-тия | |
| Бөлмелердегі беттер, қатты жиһаз * | | 0,06<br>0,1 | 60<br>30 | 60<br>30 | Сүрту немесе суару |
| Санитарлық-техникалық жабдық* | | 0,1 | 60 | 120 | 15 минут аралықпен екі рет сүрту немесе екі рет суару |
| ЫДыс | тамақ қалдықтарысыз | 0,06 | 30 | - | Батыру |
| | тамақ қалдықтарымен | 0,2 | 120 | - | Батыру |
| Киім | бөліндiлермен ластанбаған | 0,06 | 60 | 120 | Жібіту |
| | бөліндiлермен ластанған | 0,2 | 60 | 120 | Жібіту |
| Шыныдан, пластмассадан, резеңкелерден жасалған сырқаттар күтіміне арналған заттар | | 0,2 | 30 | 60 | Батыру немесе сүрту |
| Тоттануға төзімді металдар, шыны, резеңке және пластмассалардан жасалған медициналық мақсаттағы бұйымдар | | 0,2 | 30 | 60 | Батыру |
| Ойыншық; жеке гигиена құралдары | | 0,1 | 30 | 60 | Батыру немесе сүрту |
| Монша сандалдары, шәркейлер, резеңке және полимерлі материалдардан жасалған аяқ киім | | 0,1 | 30 | 60 | Батыру |
| Резеңке және полипропилен кілемшелер | | 0,1 | - | 120 | Сүрту немесе суару |
| Жинау құрал-саймандары, шүберек | | 0,2 | 60 | 120 | Жібіту, сүрту, батыру |

* - Залалсыздандыру 0,5% жуғыш құралды қосумен жүргізілуі мүмкін.

5-кесте. Вирусты жұқпалар кезінде «НИКА-ХЛОР» құралымен әртүрлі нысандарды залалсыздандыру режимдері

| Зарарсыздандыру нысандары | | Белсенді хлор бойынша ерітінді концентрациясы, % | Зарарсыздандыру уақыты, мин | Зарарсыздандыру тәсілі |
|---|---|---|---|---|
| Бөлмелердегі беттер, қатты жиһаз* | | 0,015<br>0,03 | 60<br>30 | Сүрту немесе суару |
| Санитарлық-техникалық жабдық* | | 0,03<br>0,06 | 120<br>60 | 15 минут аралықпен екі рет сүрту немесе екі рет суару |
| Ыдыс | тамақ қалдықтарысыз | 0,015 | 15 | Батыру |
| | тамақ қалдықтарымен | 0,1 | 120 | Батыру |
| Киім | бөлінділермен ластанбаған | 0,015 | 60 | Жібіту |
| | бөлінділермен ластанған | 0,2<br>0,3 | 120<br>60 | Жібіту |
| Тоттануға төзімді металдар, шыны, резеңке және пластмассалардан жасалған медициналық мақсаттағы бұйымдар | | 0,06<br>0,1 | 90<br>60 | Батыру |
| Шыныдан, пластмассадан, резеңкелерден жасалған сырқаттар күтіміне арналған заттар | | 0,06<br>0,1 | 90<br>60 | Батыру немесе сүрту |
| Ойыншық; жеке гигиена құралдары | | 0,06 | 15 | Батыру немесе сүрту |
| Жинау құрал-саймандары, шүберек | | 0,2<br>0,3 | 120<br>60 | Жібіту, сүрту, батыру |

* - Залалсыздандыру 0,5% жуғыш құралды қосумен жүргізілуі мүмкін.

6-кесте. Бактериялық (соның ішінде туберкулез кезінде), вирустық және зең жұқпалары кезінде қанды және биологиялық бөлінділерді және қанмен және бөлінділермен ластанған әртүрлі нысандарды «НИКА-ХЛОР» құралы ерітінділерімен залалсыздандыру режимдері

| Зарарсыздандыру нысандары | | Жұмысшы ерітінді концентрациясы, % (АХ бойынша) | Зарарсыздандыру уақыты, мин | Зарарсыздандыру тәсілі |
|---|---|---|---|---|
| Ыдыстардағы қан (ұйып қалмаған), ликвор, сарысу | | 0,3 | 210 | 1:5 қатынаста қанды құрал ерітіндісімен араластыру |
| | | 0,5 | 240 | 1:2 қатынаста қанды құрал ерітіндісімен араластыру |
| | | 1,0 | 60 | 1:2 қатынаста қанды құрал ерітіндісімен араластыру |
| Нәжіс, нәжіс-зәр өлшендісі, құсық массасы, тамақ қалдықтары | | 0,5<br>1,0 | 240<br>60 | 1 көлем бөліндіге 2 көлем ерітінді есебімен құрал ерітіндісін құю |
| | | 2,0<br>1,0 | 60<br>120 | 1 көлем бөліндіге 1 көлем ерітінді есебімен құрал ерітіндісін құю |
| Қақырық | | 0,3 | 480 | 1 көлем қақырыққа 2 көлем ерітінді есебімен құрал ерітіндісін құю |
| | | 1,0 | 60 | 1 көлем қақырыққа 1 көлем ерітінді есебімен құрал ерітіндісін құю |
| | | 2,0 | 60 | 1 көлем қақырыққа 1 көлем ерітінді есебімен құрал ерітіндісін құю |
| Бөлінділерге арналған ыдыстар: | - зәр | 0,1<br>0,3 | 60<br>30 | Батыру немесе ерітінді құю |
| | - нәжіс, құсық массасы, тамақ қалдықтары; | 1,0 | 60 | |
| | - қақырық; | 1,0 | 60 | |
| | - қан | 0,5<br>1,0 | 240<br>60 | |
| Одан бөлінділерді жинаған кездегі бет | | 0,1 | 90 | 15 мин аралықпен екі рет сүрту |
| | | 0,2 | 60 | |

7-кесте. Бактериялық (соның ішінде туберкулез кезінде), вирустық және зең жұқпалары кезінде қанды және биологиялық бөлінділерді «НИКА-ХЛОР» құралы ерітінділерімен залалсыздандыру режимдері

| Зарарсыздандыру нысандары | Түйіршіктер мөлшері / бөлінділер көлемі | Зәр көлеміне (л) таблеткалар саны (дана) | Зарарсыздандыру уақыты, мин | Зарарсыздандыру тәсілі |
|---|---|---|---|---|
| Донорлық қан, ликвор, сарысу | 50 г/1 л<br>80 г/1 л<br>100 г/1 л | -<br>-<br>- | 90<br>60<br>30 | Түйіршіктерді себу және араластыру |
| Зәр | 1,8 г/1 л | 1,5 л зәрге 1 таблетка | 60 | Түйіршіктер немесе таблеткаларды себу және араластыру |
| | 5,3 г/1 л | 1 л зәрге 2 таблетка | 30 | |
| Қақырық | 50г/1 л<br>80 г/1 л<br>100г/1 л | -<br>-<br>- | 120<br>90<br>60 | Түйіршіктерді себу және араластыру |
| | 100г/1,5 л | - | 24 сағат | Араластырусыз түйіршіктерді себу |
| Нәжіс-зәр өлшендісі | 50г/1 л<br>80 г/1 л<br>100г/1 л | -<br>- | 120<br>90<br>60 | Түйіршіктерді себу және араластыру |
| | 100г/1,5 л | - | 24 сағат | Араластырусыз түйіршіктерді себу |
| Құсық массалары, тамақ қалдықтары | 50г/1 л<br>80 г/1 л<br>100г/1 л | -<br>- | 120<br>90<br>60 | Түйіршіктерді себу және араластыру |

8-кесте. Емдеу-профилактикалық және басқа мекемелерде күрделі жинау жұмыстарын жүргізу кезінде «НИКА-ХЛОР» құралы ерітінділерімен әртүрлі нысандарды залалсыздандыру режимдері

| Мекеме (бөлімше) профилі | Жұмысшы ерітінді концентрациясы (АХ бойынша) % | Зарарсыздандыру уақыты, мин | Зарарсыздандыру тәсілі |
|---|---|---|---|
| Соматикалық, хирургиялық, стоматологиялық, акушерлік және гинекологиялық бөлімшелер, зертханалар, процедуралық кабинеттер | 0,015<br>0,03 | 60<br>30 | Сүрту<br>суару |
| Туберкулезге қарсы емдеу-профилактикалық мекемелер; пенитенциарлық мекемелер | 0,06<br>0,1 | 60<br>30 | Сүрту,<br>суару |
| Тері-венерологиялық емдеу-профилактикалық мекемелер | 0,06<br>0,1 | 60<br>30 | Сүрту,<br>суару |
| Балаларға арналған мекемелер; әлеуметтік сала және қызмет көрсету саласының мекемелері | 0,015<br>0,03 | 60<br>30 | Сүрту |
| Инфекциялық емдеу-профилактикалық мекемелер * | — | — | — |

* - тиісті жұқпа режимі бойынша.

## 5. АСА ҚАТЕРЛІ ЖҰҚПАЛАР КЕЗІНДЕ ӘРТҮРЛІ БЕТТЕР МЕН НЫСАНДАРДЫ ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ ҮШІН «НИКА-ХЛОР» ҚҰРАЛЫН ҚОЛДАНУ

5.1. «НИКА-ХЛОР» залалсыздандырғыш құралы аса қатерлі жұқпалардың (оба, холера, туляремия, легионеллез, сібір жарасы) қоздырғыштары болған кезде әртүрлі беттер мен нысандарды өңдеуге арналған, атап айтқанда:
- бөлмелердегі беттерді, қатты жиһазды, аппараттардың, аспаптардың беттерін, сырқаттардың күтіміне арналған заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, ойыншықтарды, санитарлық-техникалық жабдықты, резеңке кілемшелерді зарарсыздандыру үшін;
- ыдысты, киімдерді, сырқаттардың күтіміне арналған заттарды, медициналық құрал-саймандарды зарарсыздандыру үшін;
- бөлінділерге арналған ыдыстарды зарарсыздандыру үшін;
- сұйық бөлінділер мен нәжісті зарарсыздандыру үшін;
- емдеу-профилактикалық ұйымдар мен мекемелерде және аса қатерлі жұқпалар ошақтарында жинау материалдары мен медициналық қалдықтарды зарарсыздандыру үшін;
- емдеу-профилактикалық ұйымдар мен мекемелерде күрделі жинау жұмыстарын жүргізу үшін.

5.2. «НИКА-ХЛОР» құралының жұмысшы ерітінділері 9-10 кестелерде көрсетілген режимдер бойынша сүрту, суару, жібіту немесе құралдың залалсыздандырғыш ерітінділеріне батыру тәсілімен 5.1 т. көрсетілген нысандарды залалсыздандыру үшін қолданылады.

5.3. Бөлмелердегі беттер (еден, қабырғалар және т.б.), қатты жиһаз, аппараттар мен аспаптар беті 300 мл/м$^2$ есебімен құрал ерітіндісіне салынған шүберекпен сүртіледі немесе 150 мл/м$^2$ есебімен гидропульттан құрал ерітіндісімен суланады.

5.4. Санитарлық-техникалық жабдықты (ванналар, шұңғышалар, унитаздар және т.б.) гидропульттан 150 мл/м$^2$ есебімен құрал ерітіндісімен суарады немесе 300 мл/м$^2$ есебімен құрал ерітіндісіне суланған шүберекпен сүртеді.
5.5.Ыдысты, сырқаттар күтіміне арналған заттарды, ойыншықты, резеңке кілемшелерді, бөлінділерге арналған ыдысты құралдың залалсыздандырғыш ерітіндісіне батырады.
5.6. Киімді құралдың залалсыздандырғыш ерітіндісінде жібітеді.
5.7. Медициналық мақсаттағы бұйымдарды, соның ішінде бір рет қолданылатын бұйымдарды олардың үстіндегі ерітінді қабаты 1 см кем емес болатындай құралдың жұмысшы ерітіндісіне батыру қажет.
Ауа тығындарының пайда болуын болдырмай, бұйымдардағы арналар мен қуыстарды ерітіндімен толтырады; ағытпалы бұйымдарды бөлшектенген күйде ерітіндіге батырады. Құлпы бөлігінде бұйымның нашар енетін бөліктеріне ерітіндінің жақсы енуі үшін бірнеше жұмысшы қимылдарды алдын ала жасап, құлпы бөліктері бар бұйымдар ашылған түрде ерітіндіге батырылады.
Бір рет қолданылатын бұйымдарды залалсыздандырғаннан кейін жояды.
5.8. Жинау құрал-саймандарын залалсыздандырғыш ерітіндіде жібітеді. Залалсыздандыра ұстау уақыты аяқталғаннан кейін оны сумен шайып, кептіреді.
5.9. Медициналық қалдықтарды (танғыш материал, мақта тампондары, майлықтар) залалсыздандырғыш құралдың ерітіндісіне салады және залалсыздандырғаннан кейін жояды.
5.10. Аса қатерлі жұқпалардың (оба, холера, туляремия, легионеллез, сібір жарасы) бактерияларымен контаминацияланған сұйық бөлінділер және нәжісті 0,5:9,5 (салмақ/көлем) қатынаста құрал түйіршіктерімен араластырады, араластырады және 120 мин ұстайды.
5.11. Сібір жарасы қоздырғыштарының спораларымен контаминацияланған сұйық бөлінділер және нәжісті 1,0:9,0 (салмақ/көлем) қатынаста «НИКА-ХЛОР» құралының түйіршіктерімен араластырады, жақсылап араластырады және 120 минут ұстайды.

9-кесте. Өте қатерлі бактериялық этиология жұқпалары (оба, холера, туляремия, легионеллез) кезінде «НИКА-ХЛОР» құралының таблеткалары мен түйіршіктерінен және түйіршіктерінен дайындалған ерітінділермен әртүрлі нысандарды залалсыздандыру режимдері

| Зарарсыздандыру нысандары | Ерітінді концентрациясы АХ бойынша, % | Зарарсыздандыру уақыты, мин | Зарарсыздандыру тәсілі |
|---|---|---|---|
| Бөлмелердегі беттер, қатты жиһаз, аспаптар мен аппараттардың беттері | 0,06<br>0,1 | 60<br>30 | Сүрту немесе суару |
| Таза ыдыс | 0,06 | 60 | Батыру |
| Ыдыс тамақ қалдықтарымен | 0,3 | 120 | Батыру |
| Зертханалық ыдыс | 0,1<br>0,2 | 120<br>60 | Батыру |
| Киім, бөлінділермен ластанған | 0,3 | 120 | Жібіту |
| Күтім заттары, ойыншық | 0,06<br>0,1 | 120<br>60 | Батыру немесе суару |
| Тоттануға төзімді металдар, шыны, резеңке және пластмассалардан жасалған медициналық мақсаттағы бұйымдар | 0,06<br>0,1 | 120<br>60 | Батыру<br>ту |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Медициналық қалдықтар | 0,3 | 120 | Жібіту |
| Санитарлық-техникалық жабдық | 0,1<br>0,2 | 120<br>60 | Сүрту немесе суару |
| Бөлінділерге арналған ыдыс | 0,3 | 120 | Батыру |
| Сұйық бөлінділер және нәжіс* | түйіршіктер | 120 | Себу немесе еріту* |
| Жинау құрал-саймандары | 0,3 | 120 | Жібіту |
| Ескертпе-*- сұйық бөлінділер мен нәжістер кезінде 0,5:9,5 (салмақ/көлем) қатынасында құралдың құрғақ түйіршіктерін себеді немесе ерітеді, араластырады және 120 минут ұстайды. | | | |

10-кесте. Сібір жарасы спораларының контаминациясы кезінде «НИКА-ХЛОР» құралының таблеткалары мен түйіршіктерінен және түйіршіктерінен дайындалған ерітінділермен әртүрлі нысандарды залалсыздандыру режимдері

| Зарарсыздандыру нысандары | Ерітінді концентрациясы АХ бойынша, % | Зарарсыздандыру уақыты, мин | Зарарсыздандыру тәсілі |
|---|---|---|---|
| Бөлмелердегі беттер, қатты жиһаз, аспаптар мен аппараттардың беттері | 0,3<br>0,6 | 120<br>60 | Сүрту немесе суару |
| Таза ыдыс | 0,6 | 120 | Батыру |
| Ыдыс тамақ қалдықтарымен | 3,0 | 120 | Батыру |
| Зертханалық ыдыс | 0,6<br>1,0 | 120<br>60 | Батыру |
| Киім, бөлінділермен ластанған | 2,0 | 120 | Жібіту |
| Тоттануға төзімді металдар, шыны, резеңке және пластмассалардан жасалған медициналық мақсаттағы бұйымдар | 0,6<br>1,0 | 120<br>60 | Батыру |
| Сырқаттар күтіміне арналған заттар, ойыншық | 0,6<br>1,0 | 120<br>60 | Батыру |
| Санитарлық-техникалық жабдық, резеңке кілемшелер | 0,6<br>1,0 | 120<br>60 | Суару немесе сүрту |
| Медициналық қалдықтар | 3,0 | 120 | Жібіту |
| Бөлінділерге арналған ыдыс | 3,0 | 120 | Батыру |
| Сұйық бөлінділер және нәжіс* | Түйіршіктер | 120 | Себу немесе еріту* |
| Жинау құрал-саймандары | 3,0 | 120 | Жібіту |

## 6. САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

6.1. Құралмен жұмыс істеуге хлорға сезімталдығы жоғары, аллергиялық аурулары және өкпесі мен жоғары тыныс алу жолдарының созылмалы аурулары бар тұлғалар жіберілм
6.2. Құралмен жұмыс істеген кезде оның теріге және көзге тиюіне жол бермеу қ
6.3. Хлормен барлық жұмыстарды қолдарды резеңке қолғаптармен қорғап жүргі

6.4. Белсенді хлор концентрациясы 0,015% бастап 0,06% дейінгі ерітінділермен жұмыстардың барлық түрлерін тыныс алу мүшелерін қорғау құралдарысыз жүргізуге болады.
6.5.Сүрту тәсілімен белсенді хлор мөлшері 0,1% асатын ерітінділермен жұмыс істеген кезде тыныс алу мүшелерін қорғау үшін РУ-60М типті немесе В маркалы патроны бар РПГ-67 әмбебап респираторларын қолдану, көзді саңылаусыз көзілдіріктермен қорғау қажет.
6.6. Бөлмелердегі беттерді өңдеуді сырқаттар бөлмеде болмаған кезде жүргізу қажет. Залалсыздандыруды аяқтағаннан кейін сулап жинап, хлор иісі кеткенге дейін бөлмені желдету қажет.
Белсенді хлор мөлшері 0,015% ерітінділермен сүрту тәсілімен беттерді залалсыздандыруды сырқаттар бөлмеде болған кезде де жүргізуге болады.
6.7. Ыдыстарды, киімді, ойыншықтарды, жинау құрал-саймандарын және тоттануға төзімді медициналық мақсаттағы бұйымдарды батыру және жібіту тәсілдерімен өңдеуді желдетілетін бөлмеде жүргізу ұсынылады, барлық ыдыстардың қақпақтарын жабу қажет.
6.8. Құралды дәрі-дәрмектерден бөлек, балалардың қолы жетпейтін жерде фирма-өндірушісінің тығыз жабылған қаптамасында сақтау қажет.

## 7. ОҚЫСТАН УЛАНҒАН КЕЗДЕГІ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК ШАРАЛАРЫ

7.1. Сақтық шараларын орындамаған кезде жоғары тыныс алу мүшелері тітіркенуі мүмкін. Зардап шеккен адамды жұмыс бөлмесінен таза ауаға немесе жақсы желдетілетін бөлмеге шығару, аузын және жұтқыншағын сумен шаю, жылы сусын (сүт немесе «Боржоми») беру қажет.
7.2. Құрал теріге тиген кезде тиген жерін сумен жақсылап шайып, оған жұмсартқыш кремді жағу қажет.
7.3. Құрал оқыстан көзге тиген кезде көзді сумен жақсылап шайып, 30% натрий сульфацил ерітіндісін тамызу қажет.
7.4. Құрал асқазанға түскен кезде зардап шеккен адамға ұнтақталған 10-20 таблетка белсендірілген көмір қосылған бірнеше стақан су ішкізу қажет. Қажет болған кезде дәрігерге жүгіну керек.

## 8. САҚТАУ, ТАСЫМАЛДАУ, ҚАПТАУ ШАРТТАРЫ

8.1. Құралды -45°С бастап +40°С дейінгі температурада ылғал мен күн сәулесінен қорғалған, жылытқыш аспаптардан қашық жерде сақтау қажет.
Құралды дәрілік препараттармен және тамақ өнімдерімен бірге сақтауға болмайды.
8.2. Құрал көліктің осы түріне қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалдайды. Жанғыш өнімдермен бірге сақтауға және тасымалдауға тыйым салынады.
8.3. Таблеткалар және түйіршіктер қақпақтары тығыз жабылатын полимерлі материалдардан жасалған банкаларға салмағы 1 килограмнан немесе қолданыстағы нормативтік құжаттама бойынша басқа полимерлі ыдысқа өлшеп салынған.

## 9. «НИКА-ХЛОР» ҚҰРАЛДЫ ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ АНАЛИТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

9.1 «НИКА-ХЛОР» залалсыздандырғыш құралы келесі сапа көрсеткіштері бойынша бақыланады: сыртқы түрі, түсі, иісі, орташа салмағы және таблеткалардың ыдырау уақыты, таблеткалар мен түйіршіктердегі бос хлордың салмақтық үлесі, 1 таблеткадағы бос хлордың салмақтық үлесі (11-кесте).

11-кесте. «НИКА-ХЛОР» құралының бақылау параметрлері және нормативтері

| Көрсеткіштің атауы | Таблеткаларға арналған нормативтер | Түйіршіктерге арналған нормативтер |
|---|---|---|
| 1. Сыртқы түрі, түсі | Ақ түсті дөңгелек таблеткалар | Бос сусымалы немесе бір-бірімен байланыспаған ұсақ түйіршіктер |
| 2. Иісі | Хлорға тән иіс | Хлорға тән иіс |
| 3. Орташа салмағы, г | 3,32±0,18 | - |
| 4. Ыдырауы, мин, артық емес | 5,0±1,5 | - |
| 5. Суда еріткен кездегі белсенді хлордың салмақтық үлесі, % | 45,5±3,0 | 45,5±3,0 |
| 6. Белсенді хлордың салмағы, г (1 таблетканы еріткен кезде) | 1,52±0,12 | - |

**9.2 Сыртқы түрін және иісін анықтау**

Құралдың сыртқы түрі, түсі визуалды анықталады.

Иісі органолептикалық анықталады.

**9.3 Таблеткалардың орташа салмағын анықтау**

Таблеткалардың орташа салмағын анықтау үшін 20 таблетканы өлшейді.

Бір таблетканың орташа салмағы (М) келесі формула бойынша граммен есептеледі:

$$M = m / n$$

мұндағы m – өлшенген таблеткалардың жалпы салмағы, г;

n – өлшенген таблеткалардың саны.

**9.4 Таблеткалардың ыдырау уақытын анықтау**

Конустық колбаға 1 таблетканы салады, бөлме температурасындағы (20°С) 500 см3 су құбырының суы құйылады, секундомерді қосады және колбаны аздап шайқап, таблетканың ыдырау уақытын белгілейді. Ыдырау уақытын бақылауды кемінде үш параллель анықтау негізінде өткізеді.

**9.5 Таблеткалардағы және түйіршіктердегі белсенді хлордың салмақтық үлесін анықтау.**

9.5.1 Жабдық, реактивтер, ерітінділер

ГОСТ 24104 бойынша 200 г өлшеудің ең үлкен шегімен дәлділік класы жоғары зертханалық таразылар.

ГОСТ 25336 бойынша жылтыратылған тығыны бар колба Кн-1-250-29/32;

ГОСТ 1770 бойынша өлшеуіш колбалар 2-10-2;

ГОСТ 1770 бойынша өлшеуіш цилиндрлер 1-25, 1-50, 1-100;

ГОСТ 29251 бойынша бюретка 5-1-25;

ГОСТ 29227 бойынша тамшуырлар 5-1-1, 2-1-5;

ГОСТ 25336 бойынша стақандар;

ГОСТ 4232 бойынша калий йодиді, 10% сулы ерітінді, жаңадан дайындалған.

ГОСТ 4204 бойынша күкірт қышқылы, чда, 10% сулы ерітінді;

ТШ 6-09-2540 бойынша күкірт қышқылды натрий стандарт титрі 0,1 н.;

ГОСТ 10163 бойынша ерігіш крахмал, чда, 1% сулы ерітінді.

ГОСТ 6709-72 бойынша дистилденген су.

9.5.2 Талдауды жүргізу. Таблеткалар мен түйіршіктердегі белсенді хлордың салмақтық үлесін анықтау.

Конустық колбаға 1 таблетканы немесе 0,0002 г дәлділікпен өлшенген 2,5-2,7 г [illegible] ды, 40-80 см$^3$ су қосады, тығынын жауып, толық ерігенге дейін мұқият араластыра[illegible] 200 см$^3$ өлшеуіш колбаға құяды, белгісіне дейін су құйып, жақсылап араластырады –

5 $см^3$ 1-ерітіндіні сыйымдылығы 250 $см^3$ колбаға құяды, содан кейін 10 $см^3$ су, 10 $см^3$ күкірт қышқылы және калий йодиді ерітінділерін қосады. Колбаны тығынмен жабады, араластырады, қараңғы жерге 10 минутқа қояды. Бөлінген йодті ашық сарғыш түске дейін 0,1 н күкірт қышқылды натрийдің сулы ерітіндісімен титрлейді, 1 см3 крахмал ерітіндісін қосады және түссізденгенше дейін титрлеуді жалғастырады.

9.5.3 Нәтижелерді өңдеу.

Хлордың салмақтық үлесі (Х), % келесі формула бойынша есептеледі:

$$X = \frac{V \cdot 0{,}003545 \cdot K \cdot 200}{a \cdot м} \cdot 100$$

V – 0,1 н натрий тиосульфаты ерітіндісінің титрлеуге кеткен көлемі, $см^3$;

0,003545 – 0,1 н натрий тиосульфаты ерітіндісінің 1 $см^3$ көлеміне сәйкес келетін белсенді хлор салмағы, г;

К – 0,1 н натрий тиосульфаты ерітіндісінің түзету коэффициенті;

m – талданатын сынама салмағы, г. (таблетка немесе түйіршіктер);

а — сынама көлемі,

Талдау нәтижесі деп арасындағы абсолютті айырмасы 4,0% тең рұқсат етілген айырмадан аспауы тиіс 3 анықтаудың орташа арифметикалық мәнін алады. 0,95 сенімді ықтималдық кезінде талдау нәтижесінің абсолютті рұқсат етілген жалпы қателігі ±8,0 %.

9.5.4 Таблеткалардағы белсенді хлордың салмағын анықтау.

Таблеткаларды ұнтақтағышта жақсылап ұнтақтайды, өлшеуге арналған стақанға салады. 0,0002 г дейінгі дәлділікпен алынған салмағы 0,10-0,12 г ұнтақталған препарат өлшендісін тығыз тығыны бар конустық колбаға салады және 100 $см^3$ дистилденген сумен ерітеді. Содан кейін 10 $см^3$ калий йодиді ерітіндісін және 10 $см^3$ күкірт қышқылы ерітіндісін қосады. Колбаны тығынмен жабады, араластырып, қараңғы жерге 10 минутқа қояды. Бөлінген йодті ашық сарғыш түске дейін 0,1 н күкірт қышқылды натрийдің сулы ерітіндісімен титрлейді, содан кейін 2 см3 крахмал ерітіндісін қосады және толық түссізденгенше дейін титрлейді.

9.5.5. Нәтижелерді өңдеу.

Хлордың салмақтық үлесі (Х), грамм, келесі формула бойынша есептеледі:

$$X = \frac{V \cdot 0{,}003545 \cdot K \cdot M}{м}$$, мұндағы

V – 0,1 н натрий тиосульфаты ерітіндісінің титрлеуге кеткен көлемі, $см^3$;

0,003545 – 0,1 н натрий тиосульфаты ерітіндісінің 1 $см^3$ көлеміне сәйкес келетін белсенді хлор салмағы, г;

К – 0,1 н натрий тиосульфаты ерітіндісінің түзету коэффициенті;

М – таблетканың орташа салмағы;

м — өлшендінің салмағы, г.

Талдау нәтижесі деп арасындағы абсолютті айырмасы 1,0% тең рұқсат етілген айырмадан аспауы тиіс 3 анықтаудың орташа арифметикалық мәнін алады. 0,95 сенімді ықтималдық кезінде талдау нәтижесінің абсолютті рұқсат етілген жалпы қателігі 0,7 %. Талдау нәтижесі үтірден кейін ондық таңбаға дейін дөңгелектеледі.

# СЕРТИФИКАТ ПЕРЕВОДЧИКА

Я, Хаиржанова Альфия Ишмухамедовна, переводчик ТОО «INSEL» (Свидетельство о Регистрации № 20035-1910 выданное 23.06.98, член Американской Ассоциации Переводчиков (ATA)), подтверждаю, что я свободно владею русским и казахским языком, и что я перевела вышеуказанный документ с русского на казахский язык. Я подтверждаю, что перевод является точным, насколько мне известно, и главным образом соответствует содержанию оригинала документа.

Дата: 03 ИЮН 2016

Подпись: _____

(Фамилия) Хаиржанова А.И.

(Адрес) ул. Мынбаева 43, офис 32, Алматы, 050008

Тел: 3798480, 8-701-7227571

Insel2004@gmail.com

ПРОШНУРОВАНО, ПРОНУМЕРОВАНО
на 41 лист